



БЕКІТІЛДІ

ABU ректоры

профессор Ш.А.Құрманбаева

**«Alikhan Bukeikhan University» білім беру мекемесінің
тұрақты сатып алу саясаты**

Тұрақты сатып алу саясатының негізгі мақсаты – ең қолайлы шарттар ұсынатын, бәсекеге қабілетті өнім берушілер мен мердігерлерді әділ таңдау жасау арқылы университетті тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктерімен қамтамасыз етудің тиімді жүйесін ұйымдастыру.

Тұрақты сатып алу қағидаттары.

1. Тұрақтылық қағидаттарының интеграциясы: тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қаржы-экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрамдас бөлімдер арасындағы теңгерімге қол жеткізу.

2. Өзара тиімді, ашық серіктестік: ҚР заңнамасына сәйкес шарттар жасасу, бәсекеге қабілетті, ашық, өзара тиімді, тұрақты қатынастар құру. Өз қызметінде заңды, экологиялық, адалдық, ақпараттық ашықтық және кемсітушілікке жол бермеу нормаларын басшылыққа алатын әріптестерді таңдау.

3. Экологиялық жауапкершілік: экологиялық таза тауарлар мен қызметтерді сатып алу және тұтыну, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға ұмтылу, қоршаған ортаға зиянын барынша азайтатын энергия тиімді заманауи технологияларды енгізу.

4. Жергілікті кәсіпкерлікті қолдау: аймақтық экономиканың дамуы үшін жергілікті өнім берушілер мен мердігерлерді салауатты бәсекелестік және басқа да тең жағдайлармен таңдау.

5. Әлеуметтік жауапкершілік: қызметкерлер, студенттер және серіктестер үшін қауіпсіз және экологиялық таза еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету. Алуан түрлі және инклюзивті жұмыс ортасын құру, барлық адамдар үшін әділ қарым-қатынас пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Қызмет пен өнім беру тізбегі шеңберінде барлық тиісті еңбек құқықтарымен қатар халықаралық деңгейде танылған адам құқықтарын сақтау, сондай-ақ қызметкерлермен және олардың ұйымдарымен жақсы сындарлы қарым-қатынасты қамтамасыз ету.

6. Сатып алуды жоспарлаудағы ұжымдық тәсіл: қызметкерлер мен студенттердің барлық санаттарының сұраныстарын ескере отырып, сатып алу жоспарын қалыптастырудың көп сатылы жүйесі.

7. Тұрақты сатып алулардың ашықтығын бақылау: сатып алу рәсімінде заңсыздықтың (сыбайлас жемқорлықтың) алдын алу, адал бәсекелестік. Менеджмент пен басқаруда халықаралық жетістіктер мен тәжірибелерді есепке алу

*Ғылыми кеңес отырысында бекітілген
2023 жылғы 27 қыркүйектегі №1 хаттама*